

"Кедентранссервис" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 маусым N 864

Жаңғыртуға инвестициялар тарту және уақытша сақтау қоймаларының желісін кеңейту, шекаралық, автомобиль, темір жол және басқа да өткізу бекеттерін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру кеден жанындағы инфрақұрылым базасын дамыту, кедендік ресімдеуді және басқа да рәсімдерді есепке алуды компьютерлендіру және автоматтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кедентранссервис" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мемлекеттің жүзпроценттік қатысуымен жабық акционерлік қоғам (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) "Кедентранссервис" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансында тұрған мүлікті Қоғамның жарғылық капиталына берсін;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп Қоғамның жарғысын бекітсін және белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын берсін.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 ақпандағы N 138 Р990138 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 6, 37-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі